ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 5 маусым № 7119-25-00-2/5490 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Кусманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Алаханов» Абай Асанович Алаханов жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 25 ақпанда «АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен және «Алаханов» Абай Асанович Алаханов жеке кәсіпкер арасында № 05-06/16 Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды. Шарт талаптары бойынша жауапкер талапкерге Кәдімгі қарағайдың, пирамидалық теректің және қызыл талдың көшеттерін жеткізуге міндеттеме алған.

Шарттың жалпы соммасы – 29 434 048 теңге.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес жеткізу мерзімі Тапсырыс берушінің өтініші бойынша бір жыл ішінде, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 2025 жылғы 18 наурызда сұраныс жіберілді, онда «Қызыл тал 500 дана, Ломбардия терегі 500 дана, 15 сәуірге дейін техникалық тапсырмаға сәйкес жүзеге асырылды» деп көрсетілген.

Пирамидалық теректің көшеттері жеткізілді. Алайда, олар түбірдің өлшеміне қатысты техникалық сипаттамаларға сәйкес келмеді. 2025 жылдың 17 сәуірінде техникалық ерекшелікке сәйкес келмеу туралы акт жасалды. Қызыл талдың көшеттері жеткізілмеген.

Тауардың техникалық шарттарға сәйкес келмеуі туралы актімен жауапкер 2025 жылғы 22 сәуірде мемлекеттік сатып алу порталында оқыды.

Сол күні жауапкерге Шартты бұзу туралы хабарлама жіберілді, ол 202 жылдың 22 сәуірінде оқылды.

Жауапкер тауарды – пирамидалық теректі ауыстырмаған, ал қызыл та жеткізілмеген. 2025 жылдың 8 мамырында мемлекеттік сатып ал порталында Шарт біржақты тәртіппен бұзылды.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдеде «Мемлекетті сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 8-бабы 4-тармағының 3 тармақшасына сәйкес Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушыла тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелері орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкер техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келетін тауарды жеткізбегендіктен, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз бар. Талапкер Шартты жасау кезінде күткенін алмаған, бұ оны бұзуға негіз болған.

Мұндай жағдайларда талап-арыз қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – АІЖК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Алаханов» Алаханов Абай Асанович жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуда жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«Алаханов» Абай Асанович Алаханов Жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Алаханов» Абай Асанович Алаханов Жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж төленуі тиісті сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды

Документ подписан: Кусманова А. К., 03.08.2025

7119-25-3-1/5297

қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтініш келтіруі мүмкін.

Судья **А.К.Кусманов**

Көшірме дұрыс
Судья А.К.Кусманова

Анықтама: Шешім заңды күшіне 2 қыркүйек 2025 жылы енді.

Судья А.К.Кусманова

Тігілді, нөмірленді _____ бетте
Прошнуровано и пронумеровано
на 3 листах

Судья _____ Кусманова А.К.